

А. Әбубәкірова¹, А. Дүйсенбаева^{1*}, Д. Дильбарханова²

¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Шымкент, Қазақстан

*e-mail: albina87.03@yandex.kz

ДІН МЕН ТІЛ ҚОҒАМДЫҚ САНА ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ КАТЕГОРИЯЛАР РЕТІНДЕ

Бұл зерттеу дін мен тілдің қоғамдық сананың қалыптасуындағы рөлін және олардың арасындағы өзара байланысты тереңірек түсінуге бағытталған. Зерттеудің негізгі мақсаты – дін мен тілдің қоғамдық санаға әсер ету механизмдерін анықтау және осы процестің әлеуметтік, мәдени және тарихи аспектілерін талдау болып табылады. Зерттеу барысында дін мен тіл ұғымдарының анықтамасы беріледі, қоғамдық сананың құрылымы мен қызметі сипатталады. Сонымен қатар әртүрлі тарихи кезеңдерде және әртүрлі мәдениеттерде дін мен тілдің қоғамдық санадағы рөлінің ерекшеліктері салыстырмалы талдау жасала отырып қарастырылады. Зерттеу нәтижелері дінтану, әлеуметтану, психология және лингвистика сияқты ғылыми салалар үшін теориялық маңызды болып табылады. Сонымен қатар, осы зерттеудің нәтижелері мемлекеттік саясатты қалыптастыруда, сондай-ақ әртүрлі этникалық топтар арасындағы өзара түсіністікті арттыруда пайдалы болуы мүмкін. Зерттеу барысында әдебиетті жүйелі түрде талдау, салыстырмалы талдау, бақылау сияқты әдістер қолданылды. Зерттеу барысында дін мен тілдің қоғамдық сананың негізгі қалыптастырушы факторларының бірі болып табылатындығы анықталды. Сонымен қатар дін мен тіл қоғамдық өзгерістердің бағытын анықтайтын маңызды факторлар болып табылатындығы дәлелденді. Бұл зерттеу дін мен тілдің қоғамдық санаға әсер ету механизмдерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және осы саладағы отандық зерттеулерге жаңа үлес қосады. Зерттеу нәтижелері әртүрлі салаларда, соның ішінде білім беру, мәдениет, саясат және діни қатынастар салаларында қолданылуы мүмкін.

Түйін сөздер: дін, тіл, қоғамдық сана, діни сана, мәдениет.

A. Abubakirova¹, A. Duissenbayeva^{1*}, D. Dilbarkhanova²

¹Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan

²Khoja Akhmet Yasawi International Kazakh-Turkish University, Shymkent, Kazakhstan

*e-mail: albina87.03@yandex.kz

Religion and language as the main categories in the structure of social consciousness

This study aims to delve deeper into the role of religion and language in shaping public consciousness and to analyze the interrelation between them. The main objective of the study is to identify the mechanisms by which religion and language influence public consciousness and to analyze the social, cultural, and historical aspects of this process. The study provides definitions of the concepts of “religion” and “language” and describes the structure and functions of public consciousness. Furthermore, a comparative analysis of the role of religion and language in shaping public consciousness in different historical periods and cultures is conducted. The research results are of theoretical significance for such scientific disciplines as religious studies, sociology, psychology, and linguistics. In addition, the results of this study can be useful in shaping government policy, as well as in improving mutual understanding between different ethnic groups. The study used methods such as systematic literature review, comparative analysis, and observation. The study found that religion and language are among the main factors shaping public consciousness. Moreover, it was proven that religion and language are important factors determining the direction of social change. This study allows for a deeper understanding of the mechanisms of influence of religion and language on public consciousness and makes a new contribution to the local researches in this field. The research results can be applied in various fields, including education, culture, politics, and religious relations.

Keywords: religion, language, public consciousness, religious consciousness, culture.

А. Абубакирова¹, А. Дуйсенбаева^{1*}, Д. Дильбарханова²

¹Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

²Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави, Шымкент, Казахстан

*e-mail: albina87.03@yandex.kz

Религия и язык как основные категории в структуре общественного сознания

Данное исследование направлено на углубленное изучение роли религии и языка в формировании общественного сознания, а также на анализ взаимосвязи между ними. Основная цель исследования – выявить механизмы влияния религии и языка на общественное сознание и проанализировать социальные, культурные и исторические аспекты этого процесса. В ходе исследования даются определения понятий «религия» и «язык», описывается структура и функции общественного сознания. Кроме того, проводится сравнительный анализ роли религии и языка в формировании общественного сознания в различных исторических периодах и культурах. Результаты исследования имеют теоретическое значение для таких научных дисциплин, как религиоведение, социология, психология и лингвистика. Кроме того, результаты данного исследования могут быть полезны при формировании государственной политики, а также для улучшения взаимопонимания между различными этническими группами. В ходе исследования были использованы такие методы, как систематический анализ литературы, сравнительный анализ, наблюдение. В ходе исследования было установлено, что религия и язык являются одними из основных факторов формирования общественного сознания. Кроме того, было доказано, что религия и язык являются важными факторами, определяющими направление социальных изменений. Данное исследование позволяет глубже понять механизмы влияния религии и языка на общественное сознание и вносит новый вклад в отечественные исследования в этой области. Результаты исследования могут быть применены в различных областях, включая образование, культуру, политику и религиозные отношения.

Ключевые слова: религия, язык, общественное сознание, религиозное сознание, культура.

Кіріспе

Дін мен тілдің қоғамдық сана құрылымындағы рөлі қазіргі қоғамда маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Тақырыпты таңдау негіздемесі ретінде, дін мен тілдің өзара байланысы мен олардың әлеуметтік, мәдени, психологиялық аспектілерін зерттеу қажеттілігі қарастырылады. Соңғы жылдары дін мен тілдің қоғамдық санаға әсері туралы зерттеулердің саны артып келе жатса да, бұл салада әлі де шешілмеген мәселелер мен проблемалық жағдаяттар бар. Атап айтқанда, дін мен тілдің қоғамдық санадағы рөлін тереңірек түсіну үшін жаңа көзқарастар мен әдістер қажет.

Дін мен тілдің қоғамдық санадағы рөлі – бұл көптеген ғасырлар бойы философтар мен әлеуметтанушыларды қызықтырған мәселе. Қазіргі глобализация дәуірінде бұл тақырып өзінің өзектілігін әлі де жоғалтқан жоқ. Әлемнің бір-біріне жақындауымен бірге, әртүрлі діни және тілдік топтардың өзара әрекеттесуі күшейді. Бұл процесте туындайтын мәдени қақтығыстар мен интеграция мәселелері осы зерттеудің өзектілігін арттырады. Дін мен тіл әрбір адамның және ұлттың өзіндік санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Қа-

зіргі әлемде ұлттық идентификацияның күшейуі осы тақырыпқа деген қызығушылықты арттырады. Дін мен тілдің экстремистік идеологиялардың таралуындағы рөлі туралы мәселе қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Көптеген мемлекеттерде дін мен тіл мемлекеттік саясаттың маңызды құралы. Осыған байланысты, олардың қоғамдық санаға әсері туралы зерттеулер мемлекеттік басқару үшін өте маңызды. Дін, тіл және қоғамдық сана – өте күрделі және көпқырлы ұғымдар. Олардың арасындағы өзара байланысты зерттеу үшін кешенді әдістерді қолдану қажет. Әртүрлі ғалымдар бұл мәселеге әртүрлі тәсілдермен қарайды. Бұл зерттеулерде бір-біріне қарама-қайшы тұжырымдар кездесуі мүмкін. Қоғамның үздіксіз өзгеруімен байланысты, бұл мәселеге қатысты жаңа мәліметтер үнемі пайда болып отырады.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Зерттеу жұмысының нысаны – дін мен тілдің қоғамдық санадағы көрінісі, ал пәні – олардың өзара байланысы мен ықпалы. Болжамымыз – дін мен тілдің қоғамдық санаға ықпалы терең әрі

көпқырлы, бұл олардың әлеуметтік құрылымдағы маңыздылығын көрсетеді.

Дін мен тілдің қоғамдық сананың қалыптасуындағы рөлін теориялық және эмпирикалық тұрғыдан зерттеу жұмыстың мақсаты болса, оған сай міндеттер ретінде: дін мен тіл ұғымдарының анықтамасын беру; қоғамдық сананың құрылымы мен қызметін сипаттау; дін мен тілдің қоғамдық санаға әсер ету механизмдерін анықтау; әртүрлі тарихи кезеңдерде және әртүрлі мәдениеттерде дін мен тілдің қоғамдық санадағы рөлінің ерекшеліктерін салыстыру айқындалды.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеудің әдістері ретінде әдебиетті жүйелі түрде талдау, салыстырмалы талдау, тарихи талдау, анализ және синтез, индукция мен дедукция, абстракциялау, модельдеу секілді әдістер қолданылды.

Зерттеу кезеңдері: әдебиет шолуы, деректер жинау, талдау, қорытынды жасау. Зерттеу нәтижелері дін мен тілдің қоғамдық санадағы рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді, сондай-ақ білім беру мен әлеуметтік саясатта дін мен тілдің маңыздылығын ескеру қажеттілігін айқындайды.

Зерттеу материалдары ретінде дін мен тілдің қоғамдық санадағы көріністерін сипаттайтын әдебиеттер, статистикалық деректер және сауалнама нәтижелері пайдаланылатын болады. Зерттеу сұрақтары «Дін мен тіл қоғамдық сананың қандай элементтеріне әсер етеді? Дін мен тіл қоғамдық өзгерістерге қалай әсер етеді? Әртүрлі мәдениеттерде дін мен тілдің қоғамдық санадағы рөлінің қандай ерекшеліктері бар?» деген мәселелер аясында айқындалып, тұжырым ретінде «Дін мен тіл қоғамдық сананың негізгі қалыптастырушы факторларының бірі болып табылады. Дін мен тіл қоғамдық өзгерістердің бағытын анықтайтын маңызды факторлар болып табылады» деген түсініктер ұсынылды.

Зерттеу тақырыбына қатысты классикалық еңбектермен қатар заманауи ғалымдардың тұжырымдары да қарастырылды. Ф. де Соссюр, У. Джеймс секілді дін мен тілдің қоғамдағы орны алғаш талданған іргелі еңбектердегі тұжырымдар сараланып, Мечковская Н., Потебня А., Слобин Д. секілді зерттеушілердің лингвистика мен психология, әлеуметтану, этика секілді салалардың байланысы жайлы мәліметтер алынып, Соьер Дж., Спольски Б., Торпей Дж. секілді шетел-

дік авторлардың дін мен тілдің қарым-қатынасы туралы тұжырымдары қарастырылды.

Нәтижелер және талқылау

Дін мен тіл философия тарапынан адамның рухани мәдениетінің категориялары ретінде қарастырылады. Бұлар адам санасындағы әлем көрінісінің екі түрлі кейпі және адамзат үшін қоршаған әлем жайлы екі түрлі білім беретін, екі түрлі білім алуға болатын жүйелер. Енді осы тіл мен дінді лингвистикалық парадигма аясында қарастыру барысында ең негізгі және сәйкестендіруге келетін қырлары семиотика мен жалпы семантика терминдері арқылы ашылатынын көреміз, яғни тілді де, дінді де таңбалар жүйесі ретінде қарастыру барысында. Себебі семиотика тіл мен дінде қарым-қатынас орнатудың екі түрлі жолын көреді. Ал бұл көзқарастың артықшылығы – әрбір семиотикалық бірліктегі семантикалық мүмкіндіктер жиынтығы мен сол мүмкіндіктердің нақты коммуникативті жағдаяттарда жүзеге асырылуын зерттеуге мүмкіндік береді. Тілге қатысты бұл тұжырымды «тіл» және «сөйлеу» деген екі түрлі ұғым арасындағы айырмашылықпен түсіндіре аламыз. Тіл жалпыға ортақ рәміздер мен таңбалар, белгілер жиынтығы болса, сөйлеу кезінде жекеленген индивид тілдік таңбаларға өзіндік бояу береді. Бұл екеуінің арасындағы айырмашылық пен байланыс методологиялық тұрғыда Фердинанд де Соссюрдың «Жалпы лингвистика курсы» еңбегінде ашып көрсетілген (Соссюр, 1997).

Дінге қатысты бұл тұжырымды біз жалпы діни талаптар, канондар, негізгі тыйымдар мен уәделерді бір тарапқа қойып, дінді ұстанушының нақты жағдаятта, өз түсінігіне сай, белгілі бір тарихи кезеңде, айқындалған мәнмәтінде өзін ұстауы мен әрекеттерін бір тарапқа қоя отырып түсіндіреміз. Бұл қазіргі діндар адам емес, дін идеалды екендігін ұмытып, дінге қатысты қате пікірлер қоғамдық санада орнығып алған кезең өте маңызды екендігі түсінікті. Сонымен қатар семиотикалық тұрғыдан дінге қарап көру діни рәсімдер мен сөздік рәміздерді түсіндіруде, жалпы дін теориясында маңызды болып отыр. Роберт Белла дінді қарым-қатынастың ерекше жүйесі ретінде айқындап, болмыстың ең негізгі мәселелерін шешуде адамның танымдық және эмоционалды тәжірибесін қалыптастырушы рәміздік үлгі деп сипаттайды (Белла, 1972: 267).

Тіл семантикасы екі түрлі мағыналар категориясын қарастырады: сөздер мағынасы (лекси-

калық семантика); грамматикалық кейіптер мен құрылымдар мағынасы (грамматикалық семантика). Өзінің психологиялық табиғаты бойынша тілдік мағыналар біртекті болып келеді. Әлемді бейнелеуде лексикалық мағыналар көрнекі білім ретіндегі елестету мен логикалық ойлаудың кейпі ретіндегі ұғымның ортасында тұрады. Лексикалық мағыналардың басым көпшілігі сол тілде сөйлеушілердің бәріне ортақ, тұрақты түсініктер болады. Сондықтан тілдің семантикалық мазмұны қарапайым (топтық) санаға жақынырақ.

Дін мазмұны (діни сана) келесідей құрамдас бөліктерден тұрады: а) сенім белгілі бір мәліметті қабылдап, оның шынайылығы, дәйектілігіне қарамастан, соған сай өмір сүру ретінде; ә) аңыздық және поэтикалық мазмұн; б) теоретикалық құрамдас бөлік; в) сезімдік және мистикалық мазмұн. Осы аталған құрамдас бөліктер түрлі тарихи кезеңдерде әртүрлі деңгейде қоғамдық сананың басқа кейіптері кірігіп отырады. Діни мазмұнның психологиялық табиғатының көптүрлілігі оның санаға сіңетін ерекше күшінің негізгі себебі болып табылады. Роберт Белла өз еңбегінде былай жазады: «жеткізілетін діни рәміздер біз сұрамаған кезде бізге мән хабарлайды, біз тыңдамаған кезде, естуімізге көмектеседі, біз қарамаған кезде көруімізге көмектеседі. Діни рәміздердің дәл осы қасиеті, яғни жалпылаудың салыстырмалы түрде жоғары деңгейінде тәжірибенің нақты мәнмәтінінен тысқары мағына мен сезім қалыптастыруы, оларға адамның жеке және қоғамдық өмірінде үлкен құдіретке ие болуына көмектеседі» (Белла, 1972: 268).

Түрлі діндерде бір ғана құрамдас бөлік әртүрлі психологиялық кейіпке ие болуы мүмкін. Ең маңызды, ең негізгі «Құдай» ұғымының өзі белгілі бір діндерде аңыздық, поэтикалық тұрғыда сипатталып, эмоциялық тұрғыда жылы, шынайы таныс болып бейнеленсе, басқа діндерде бұл ұғым логикалық ойлаудың жемісі ретіндегі концепция, догмат күйінде көрініс береді. Мысалы христиандықтың бастауында Иисус Христос туралы аңыздық, поэтикалық, көрнекі баяндар болғандықтан, сол кезеңдегі қарапайым адамдардың жүректеріне жеңіл жол таба алды. Ал буддизм мен даосизм секілді діндерде негізгі орталық төрт ақиқат және дао рәмізі секілді концепциялар айналасында құрылды (Померанц, 1965: 143). Үнділік діни ойшыл және поэт Джидду Кришнамутри бұл жайлы былай жазады: «Құдай немесе ақиқат ой немесе эмоционалды қажеттіліктен әлдеқайда терең». Ол жүйеленген діндерді шіркеулік иерархиясы-

мен, регламентке сай жүзеге асатын рәсімдерімен, теологиясымен қоса теріске шығарып, негізгі терминдерді де қолданбайды. Ал Г.С. Померанц оның еңбектеріндегі логикалық бейберекетсіздік пен импровизация туралы айта отырып, былай дейді: «Кришнамутри айтатын нәрсенің нақты бір атауы жоқ, өзі де әртүрлі сөздер қолданады, кейде екі сөзді қатар қояды. Оның көзқарасына сай жекеленген сөз не пікір ерекше бір маңызға ие емес: «Түсіну сөздер арасындағы бос кеңістікте қалыптасады, сөз ойды қоршап, оны рәсімдеп бергенге дейін. Бұл бос кеңістік – біліммен бұзылмаған тыныштық; ол ашық көзге көрінбейді, іштей толық» (Померанц, 1965: 139-140).

Діни сана құрылымында әр дінде белгілі бір деңгейде мистикалық құрамдас бөлік болады және адамдар мен жоғары күштер арасындағы байланыс, келісім болады. Дәл осы байланыста діннің психологиялық негізі жасырынған. У.Д. Джеймс бұл жайлы былай жазады: «Құдай мен жан арасында қандай бір қарым-қатынас орнанына сенімді болу – кез келген тірі діннің негізгі тірегі, ал бұл байланыстың ең қарапайым көрінісі – құлшылық жасау діннің жүрегі мен болмысы» (Джеймс, 1993: 362-363). Қарапайым діни сана үшін бұл байланыс тек бір жақты көрініс беруі мүмкін, адам құлшылық етеді, дұға жасайды, бірақ жоғары күштердің жауабын естімейді. Ал мистикалық қарым-қатынаста адам Құдай жауабын естіп, өзі жасау керек әрекеттер жайлы нұсқаулықты тікелей жоғарыдан алады. Бірақ бұл мистикалық күйлердің табиғаты жұмбақ күйінде қалады. У. Джеймс «Діни тәжірибенің көптүрлілігі» атты еңбегінде осындай мистикалық күйлерді бастан кешкен адамдардың берген сұхбаттарын келтіреді: «Сол сәтте менің сезгенім – өмірдің мәнін түсінумен қатар өз тұлғамның мүлдем жоғалуы. Осы себепті мен Құдаймен қарым-қатынаста болдым деп айта аламын» (Джеймс, 1993: 62). Мұндай мистикалық тәжірибелер бейсаналық психикалық күштердің белсенді болуымен байланысты болуы мүмкін. Олардың ортақ сипаты – сөзбен сипаттаудың мүмкін болмауы, айтып бере алатындай оңай еместігі (Гуревич, 1993: 414-415).

Осылайша тілдік семантиканың біртектілігінің қасында діннің мазмұны табиғаты бойынша сан түрлі. Діни мәндердің логикалық және вербалды бұлыңғырлығы, қасиетті жазбаларға қатысты филологиялық, лингвистикалық зерттеулердің үнемі қажет болатындығы діннің осы ерекшелігіне байланысты.

Қоғамдық сананың кейпі ретіндегі тілдің ерекшелігі оның әлемді бейнелейтін психофизиологиялық қабілетімен қатар қоғамдық сананың алғышарты, семантикалық іргетасы және басқа да қоғамдық сананың құрамдас бөліктерінің сыртқы бейнесі болуында жатыр. Тіл қарым-қатынас құралы ретінде әмбебап және ол осы қарым-қатынастың мазмұны не мақсаты емес, тек құралы. Бір ғана тілдік құраммен түрлі діндер, идеологиялар, философиялық концепциялар сипатталуы мүмкін, яғни тіл қоғамдық сананың әмбебап қаптамасы. Ал дін – қоғамдық сананың ең терең, маңызды мәндерінің бастауы, шығу тегі. Осы діни санадан адамзат мәдениетінің басқа құрамдас бөліктері бастау алып, өз алдына жеке дамыған.

Тіл мен дін белгілі бір халықтың ділін айқындап, жеке, қайталанбайтын және бүкіл адамзатпен, басқа туыстас халықтармен біріктіретін сипаттарын қалыптастыратын факторлар қатарынан. Тілдің осы бір қасиеті Вильгельм фон Гумбольдтың философиясында қарастырылады. Ол тілдердің тек адамзат санасының сыртқы қаптамасы емес, әлемге деген әртүрлі көзқарастың көрінісі екендігін байқайды. Өзінің «Адамзат тілдерінің құрылымының айырмашылықтары және оның адамзаттың рухани дамуына әсері» атты еңбегінде былай жазады: «Әрбір тілде өзіндік әлемді тану бар. Жеке бір дыбыс адам мен зат арасында тұрғанындай, тіл де адамға іштей және сырттан әсер ететін табиғат пен адам арасында тұрады. Әр тіл өзі тиесілі халықтың айналысында шеңбер сызып береді және адам ол шеңберден тек басқа тіл шеңберіне өткен кезде ғана шыға алады» (Гумбольдт, 1983: 80). Ал А.А. Потебня тілді тек әлемді қабылдау құралы ретінде емес, ойды өрбіту құралы ретінде де қарастырды: «Екі тілде сөйлей алатын адам бірінен екіншісіне өткенде мінезі мен өз ой ағынының бағытын да өзгертеді» (Потебня, 1976: 260).

Адамдар әлемді өз ана тілдерінің призмасы арқылы әртүрлі көретіндігі «лингвистикалық салыстырмалылық» атты Эдвард Сепир мен Бенджамин Ли Уорф теориясының негізіне алынған. Олар еуропалық не батыстық мәдениет пен солтүстік америкалық үндістердің мәдениеттері арасындағы айырмашылық олардың тілдеріндегі айырмашылықпен байланысты екендігін түсіндіргісі келді. Бірақ көптеген тәжірибелер нәтижесінде бұл гипотезадан тек «белгілі бір тіл өкілдеріне әлемдегі бір құбылысты суреттеу оңайырақ болуы мүмкін, себебі тілдің өзі оларға сондай жағдай жасап береді» деген тұжырым

рас болып шығады (Слобин, 1976: 203-204). Ал психологтар танымдық үдерістерде тіл мен ойлау арасындағы негізгі айнымалы адамның өзінің белсенділігі болады деген тұжырымға келеді (Мечковская, 1994: 64-66). Сонымен біз адам өз тілінің тұтқыны емес, мәдениетті тіл емес, халық жасайды, адам басқа тілдерді үйрене отырып, әлемнің басқа суреттерін өз санасында қалыптастыра алады деп айта аламыз.

Ал дін жайлы сөз қозғағанда бәрі бұлай нақты, айқын бола бермейді. Дін, әлбетте, қоғамдық санаға әсер етуші, ықпал етуші негізгі институттардың бірі. Бірақ нақты халық не тіл туралы айтқанда біз белгілі бір дін тікелей сол халықтың ұлттық ерекшеліктеріне әсер еткен деп тұжырым жасай алмаймыз. Себебі діндер мен тілдердің, халықтардың шекаралары біртекті емес. Ұлттық діндер де әлем сахнасында көп емес. Сондықтан да діни тұрғыдағы ерекшеліктер сол дінді ұстанатын халықтардың басым көпшілігіне ортақ болып келеді. Ал әлемдік діндер белгілі бір халықтың ұлттық ерекшеліктерін бойына сіңіріп, әр елде сәл өзгешеліктермен көрініс беруі мүмкін. Жалпы діннің қоғамдық сананың басқа қырларына әсері соншалықты терең, сан түрлі болғандықтан, оны қоғам өміріне әсер ретінде емес, сол қоғам өмірінің өзі ретінде қарастыруға болады.

Енді осы дін мен тілдің қарым-қатынасын зерттеудегі қалыптасқан бағыттарды қарастырсақ. Алдымен Дж. Свайер және Дж. Симпсон редакторлығымен шыққан «Тіл мен діннің шағын энциклопедиясы» (2001) атты еңбегінде сипатталғандары (Sawyer, Simpson, 2001: 1-2): а) Белгілі бір діндер мәнмәтініндегі тіл: тілдің нақты діндерге әсері талқыланады; ә) Қасиетті мәтіндер және аудармалар: Құран, Библия, Буддизм канондары секілді т.б. мәтіндердің аударылуы және археологиялық қазбаларда табылған мәтіндердің зерттелуі мен аударылуы қарастырылады; б) Діни тілдер мен жазбалар: діннің тарихы мен дамуындағы тілдің орны, әліпбидің қалыптасуы, қасиетті жазбалар саны секілді мәселелер талданады; в) Тілді арнайы қолдану: құлшылық барысында, діни тәжірибені бастан кешуде, күнделікті өмірде діни мақсатта тілді қолдануды қамтиды; г) Тілге қатысты сенімдер: діни тіл туралы философиялық талдаулар мен сөздердің магиялық күштеріне сенімді зерттейді; ғ) Дін және тілді зерттеу: тілді діни мәнмәтінде зерттеуді қамтиды. Ал енді Б. Спольски тұжырымдаған бағыттар (Spolsky, 2006: 4-9): а) Діннің тілге әсері: тілді таңдауға, тілді сақтауға,

кірме сөздерге діннің әсері қарастырылады; ә) Тіл мен дін бірлестігі: көптілділік пен діни плюрализм арасындағы қарым-қатынас; б) Тілдің дінге әсері: діни бірлестік құруға тілдің әсері; в) Тіл, дін және сауаттылық: тіл мен діннің сауаттылыққа әсері.

Ұлт, дін және тілдің ортақ сипаттарына тоқталсақ: үшеуі де мемлекеттің бейнесі мен өмір сүру мәніне әсер етеді, мемлекеттердің түрлі саясаттарының себепкері бола алады. Дін де тіл секілді: а) ұлттар, мемлекеттер, империялар тарапынан құралға айналдырылуы мүмкін (Қасиетті Рим Империясындағы патшалардың «майланған» болуы, Құрама Штаттардағы Христиандық Коалицияның құрылуы, Мұсылман көшбасшыларының «қасиетті жорықтары»); ә) институт ретінде қарастырылып, ресми дәрежеге ие болуы мүмкін (мемлекеттік дін, тіл дәрежесін иемдену, діни сенім не ағымды діни институт дәрежесіне, диалектті ресми тіл дәрежесіне көтеру); б) жергілікті қалыпқа салынып, реформациялануы мүмкін («батыстық» исламды қалыптастыруға тырысу, католицизмнің Батыс Еуропада республика билігіне енуі); в) бейтараптандырылуы мүмкін; г) жекешелендірілуі, назардан тыс қалуы, мүлдем тыйым салынуы мүмкін. Тіл мен дін қарым-қатынасының жаңа бір тарихи кезеңі Қайта Өрлеу дәуірінен кейін басталды. Гуманистік көзқарастардың кеңінен қалыптасып, тіл арқылы артикуляциялануы тілдің дәрежесін өсіріп, діннен тәуелсіз етіп берді. Ал Француз Революциясы тіпті жаңа секуляризм идеясын орнықтырды. Енді азаматтық қоғамға мүшелік дінмен де, тілмен де айқындалмайтын болды. Ал мемлекеттік дін ұғымы мемлекеттік тіл ұғымымен алмастырылды. Осы кезеңдерден кейін дінбасылар қасиетті жазбаларды тек арнайы тілді меңгерген санаулы адамдардың оқи алуы дінге ерушілер санының күрт азаюына себепкер болып отырғандығын түсініп, жазбаларды қарапайым көпшілік тіліне аударуға және әркім өз үйінде сол жазбаларды оқи алуына рұқсат беріп, жағдай жасады. Ең үлкен мысал және ықпалға ие болған еңбек – М. Лютердің аудармасымен жарық көрген неміс тіліндегі Библия. Ол протестантизмнің таралуына, неміс тілінің дамуына, неміс ұлтының қалыптасып, алға ұмтылуына тікелей себепкер болды (Kohn, 1951: 143).

Дін мен тілдің қоғам және ұлтпен бірнеше қырдан байланысын қарастыра аламыз. Біріншіден, дін мен тіл мәдени тәжірибенің бір мезетте біріктіретін және бөлетін категориялық бірліктері болып табылады. Дін де, тіл де адамдарды

біртекті, байланысқан, өз-өзін қамтамасыз ететін қауымдастықтарға біріктіреді. Осы тұрғыда біз екеуін де этникалық топтар және ұлттар негізіндегі байланысқа аналог ретінде қарастыра аламыз. Екіншіден, дін мен тіл – әлеуметтік, мәдени, саяси өз-өзін айқындаудың негізгі қайнарлары. Өздерін және өзгелерді танудың, бірегейлік пен өзгешеліктің, негізгі әлеуметтік топтарға атау берудің негізгі құралдары да осы дін мен тіл. Бұл тұрғыда да дін мен тіл ұлт пен этникалық тиесілілікке ұқсас. Үшіншіден, дін мен тіл де ұлттық тиесілілік секілді ең алғаш отбасылық әлеуметтенуде бойға сіңірілетін сипаттар. Төртіншіден, дін мен тіл тұрақты, өзгермейтін сипатқа жатпайды. Этникалық тиесіліліктен, ұлттан осы тұста өзгешеленеді. Ал халық не қоғам тұрғысынан қарар болсақ, тағы да ұқсастық көре аламыз. Бір ұлттың өкілі басқа бір мемлекет халқының мүшесі бола отырып, өзі сөйлейтін тілді де, ата-бабасы ұстанған дінді де өзгерте алады. Бұл өзгерістер түрлі саяси, экономикалық, мәдени үдерістер негізінде жүзеге асуы мүмкін.

Бұл тараптардан дін мен тіл ұлттық, этникалық тиесілілікке ұқсас болғандықтан, көптеген ғалымдар бұл екеуін имплицитті не эксплицитті түрде функционалды тұрғыда тең деп санайды. Бірақ тіл дінге қарағанда әлеуметтік өмірдің әмбебап, барлық салаға ене беретін айнымалысы ретінде сипаттала алатындықтан саясилану үдерісіне көбірек ұшырайды деп тұжырымдай аламыз. Дін де әмбебап айнымалы бола алғанымен, тіл секілді ешкім қашып құтыла алмайтын, барлық жерде кездесетін дәрежеге жете алмайды. Тіл қоғамдық өмірдің де, жеке өмірдің де, қоғамдық дискурстың, үкіметтің, заңның, сот пен білімнің, бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі айнымалысы. Ал дін жайлы дәл осылай айта алмаймыз. Қоғамдық өмір діни емес бола алғанымен, тілсіз бола алмайды. Қоғамдық өмір тілін басқаратын ережелер мен тәжірибелер сол тілді қолданатын адамдардың материалдық және рухани қызығушылықтарына әсер етеді (Zolberg, 1999: 21). Сондықтан тіл лингвистикалық гетерогенді қоғамдарда қатты саясиланады. Дін де саясилануға ұшырайды, бірақ басқа себептермен және басқа жолдармен. Кез келген мемлекетте белгілі бір тіл артықшылыққа ие болғанымен, барлық мемлекеттерде ерекше статусқа ие дін бола бермейді. Десек те, толық бейтараптылыққа қол жеткізу тек аңыз секілді қабылданады. Батыстық либералды демократиялардың шіркеу мен мемлекетті толығымен бөлік деген лайцизм жүйесінің өзінде христиан ді-

нінің ықпалы бәрібір көрініс береді (Alba, 2005: 20-49). Мұны біз күндерді христиан күнтізбесіне сай есептеуден, мерекелердің ұйымдастырылуынан, жексенбіні демалыс күні ретінде белгілеуден байқаймыз. Бұл көріністі «латентті діндарлық» деп атай аламыз (Torrey, 2010: 269-296). Дін жақтастары жақтыра бермейтін секуляризация үдерісінің оң әсерінің арқасында біз қазір тіл дінге қарағанда көбірек саясиленген деп айта аламыз. Секуляризация арқасында дін қоғамда жеке, субъективті тәжірибеге айналып, содан саяси үдерістерден шет қалып отыр. Осылайша тіл қоғамның орталық мәселесіне айналып, саясаттың ықпалына ұшырайды. Бірақ соңғы онжылдықтарда діни шиеленістер тілдік мәселелерден әлдеқайда көбірек көрініс тауып, діни плюрализмнің қоғамда тілдік плюрализмнен берік және айырмашылықтарға көне бермейтіндігіне куә болып келеміз.

Индивидтің өзі қолданатын тілдер қатарына жаңа бір тілді үйрену арқылы қосуы оның тұлғалық қасиеттеріне әсер етуі мүмкін, бірақ жаңа діни сенімге ауысуы оны толығымен өзгертіп, өмір салтын мүлдем басқаша етіп, жаңа тұлға қалыптастырып шығады. Мысалы иммигранттар қолданатын тілдерін саналы түрде ауыстырып, өздері көшіп келген елдің тілін тезірек меңгеруге ынталы әрі мәжбүр болады. Ал дінге қатысты мәселе өзгешелеу. Қазіргі либералды мемлекеттердің басым көпшілігі иммигранттардан діни сенімдерін өзгертуді талап етпейді. Олар өз тарапынан сол қоғамға сіңісуі жеңіл әрі тез болуы үшін дінін өзгертуі мүмкін. Ал қабылдаушы елде иммиграциямен қатар бірнеше факторлардың жиынтығы діни плюрализмнің өркендеуіне ықпал етеді. Соның нәтижесінде елде жаңа діни ағымдар, жүйелі прозелитизм, ұлтаралық діни байланыстар, ашық діни нарық, рухани тәжірибелерге деген жайлы климат қалыптасуы мүмкін. Тілге қатысты мәселе мұндай емес. Иммигранттар не жаңа тілдік диалекттер мемлекеттің қоғамдық өмірінде мұндай үлкен өзгеріс туындатып, саясатқа әсер ете бермейді. Тілдік плюрализм сырттан келетін ықпалдың нәтижесіндегі құбылыс болса, діни плюрализм сыртқы және конверсияның арқасында пайда болатын ішкі факторлардың негізінде қалыптасады. Міне осы себепті діни плюрализм әлдеқайда ықпалды, қауіпті, күшті. Тағы бір ерекшелігі діни плюрализмнің либералды мемлекеттерде ешкім басқарып, тікелей реттемейтіндігінде. Діни әлеуметтену отбасыда, жергілікті діни орталықтарда жүзеге асып, көпшілік мемлекеттер

бұл үдерістің біртекті болуына ықпал етпейді. Ал тілдік әлеуметтену мемлекет тарапынан балабақша деңгейінен бастап бақылауға алынған және жүйелі түрде жүзеге асырылады әрі оның біртекті болуын мелекет қадағалайды. Балалар тілдік әлеуметтенуден отбасыда өткенімен, сол тілді қоғамдық өмірдің басқа салаларында қолданбаса, тіл толығымен қолданылып, қоғамдық өмірде қажетті, айырбасталмайтын құралға айнала алмайды. Мұны біз өзге елдерде диаспора ретінде өмір сүріп жатқан қандастарымыздың лингвистикалық күзіреттілігі деңгейінен байқап, тұжырымдай аламыз. Фишманның үшінші, төртінші ұрпақтардағы иммигранттардың тілдік өзгерістер жайлы тұжырымдаған үлгісі жарты ғасыр бұрын жасалғанымен әле де өзекті (Fishman, 1966: 392-411). Ричард Альбаның бір зерттеуінде АҚШ-тағы испандық иммигранттардың басым көпшілігі үшінші ұрпаққа келгенде испан тілін мүлдем қолданыстан шығарып, тіпті өзара үй ішінде тек ағылшынша сөйлей бастағандығы көрсетіледі (Alba, 2002: 467-484). Ал азшылық тіліне ресми түрде рұқсат беру кешенді әрекеттерді талап етеді. Ол тілде білім беру жүйесін қалыптастыру, сол тілде сөйлеушілердің бір аумақта өмір сүруін қамтамасыз ету, тілді қолдану аясына қатысты шектеулерді бекіту – өте ұзақ уақыт пен ыждаһаттылықты талап ететін шаруалар. Мұндай жүйелер тарихи түрде орныққан, мультилингвизм құпталатын елдер қатарына Канада, Бельгия, Испания, Швейцария, Индия секілді мемлекеттер кіреді. Ал АҚШ, Батыс Еуропа елдері секілді иммиграция орталығына айналған елдердегі мультилингвизм жоғарыда аталған мемлекеттердегідей ресми дәрежеге ие бола алмады, сол себепті ұрпақтан-ұрпаққа тілдік мұраны жеткізу қиындап, келесі ұрпақ өздері көшіп барған ел тілінде сөйлеп кетіп жатыр.

Иммиграция нәтижесінде қалыптасқан діни плюрализм ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілуде бекемірек болады. Себебі діни сенімді отбасыда балаларына үйрету, бойына сіңіру бір дінге өмір бойы сену үшін жеткілікті болуы мүмкін. Мұнда арнайы бір институционалды білім қажет емес, сәйкесінше мемлекеттің тікелей араласып, қамқорлық көрсетуіне мұқтаждық та жоқ, тек діни сенім бостандығы қамтамасыз етілсе болғаны. Иммигранттардың алғашқы легі келесі ұрпаққа тек діни тиістіліктің атауы мен негізгі қырларын жеткізуі мүмкін. Ал екінші, үшінші ұрпақтағылар оны жаңғыртып, жаңалап алып жатады. Мәселен Батыс Еуропа елдеріндегі екінші, үшінші ұрпақтағы мұсылман иммигранттар өздерінің

ата-бабаларына қарағанда әлдеқайда тақуа және діндарлықтың жаңа бейнесін қалыптастырған (Duderija, 2007: 141-162). Дәл осындай жағдай Америкадағы көптеген иммигрант топтардың арасында кездеседі (Hirschman, 2004: 1206-1233). Қорыта айтқанда, иммигранттар арасында, олардың ұрпақтары үшін де дін тілге қарағанда мәдени, рухани плюрализмге жол ашып, берік негіз беретін қоғамдық сана айнымалысы болып табылады.

Либералды мемлекеттердің басым көпшілігі үшін діни плюрализм институционалды және заңды болып, лингвистикалық плюрализм құп-тала бермейді. Идеологиялық, институционалды тұрғыда заманауи мемлекеттер дінге қатысты плюралисттік көзқарасты қолдағынымен, тілге қатысты монисттік көзқарасты ұстанады (Zolberg, 1999: 31). Бір ел азаматтығын алу үшін сол елдегі мемлекеттік тілді білу деңгейін көрсететін тест, емтихан тапсыру – әдеттегі, ешкімді таңдандырмайтын үдеріс болғанымен, дінге қатысты емтихан тапсыру – ақылға қонымсыз іс-әрекеттей көрінеді. Көптеген мемлекеттер өздерінің құрамындағы азшылықтың тіліне қамқорлық көрсеткенімен, иммигранттар тілі ескерусіз қалып жатады.

Қорытынды

Біздің елді мысалға келтірер болсақ, Қазақстан көпұлтты мемлекет болғандықтан өз құрамындағы азшылық өкілдерінің жағдайын барынша жасап отыр. Елімізде мемлекеттік қазақ тілінде білім беретін мектептермен қатар, тек орыс, өзбек, ұйғыр тілдерінде білім беретін, аралас тілдерде білім беретін мектептер де бар. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Ұлттық статистика бюросы ұсынған мәліметтерге сәйкес 2020 жылы қазақ тілінде 1,5 миллион, орыс тілінде 412 216, өзбек тілінде 6835, ұйғыр тілінде 5292, аралас тілде: қазақ тілінде 755 345, орыс тілінде 685 891, өзбек тілінде 79 313, ұйғыр тілінде 10 698, тәжік тілінде 3743, ағылшын тілінде 742, француз тілінде 18 бала білім алған, яғни біздің елде тек орыс, өзбек, ұйғыр тілінде білдім беретін мектептер де, орыс, ұйғыр, өзбек, тәжік, ағылшын, француз тілдерінде қазақ тілімен қоса, араласа білім беретін мектептер бар (<https://old.stat.gov.kz/search>). Бірақ Қазақстанда ешбір діни сенім ресми дін ретінде жарияланбаған. Тіркеуден, тексерістен өткен 18 конфессия қызметіне, діни насихаттарына мемлекет тыйым

салмағанымен, оның ешбірін мемлекеттік істерге араластырмайды. Тек ислам діні мен христиандықтың православиелік бағытының тарихи тұрғыда артықшылығы бар екендігі айтылады, яғни діни тиістілікке қатысты институционалды жүйе қалыптастырылмаған, діни ұйымдардың барлығы тек қоғамдық деңгейдегі бірлестіктер ретінде тіркеледі. Бұл біздің елдегі діни және тілдік плюрализмді реттеудің көрінісі. Басқа елдерде бұл мәселені реттеудің өзге де үлгілері қалыптастырылған. Иммигранттар мәселесі бар елдер, мысалы, өз ішінде бұрыннан өмір сүріп келе жатқан диаспораларға біздің елдегідей жағдай жасағанымен, иммигранттар тіліне ондай қамқорлық көрсете бермейді. Бірақ иммигранттар діндері діни сенімге берілген еркіндіктің және мемлекет пен шіркеу арасын бөлген секуляризмнің арқасында олардың тілдеріне қарағанда тұнығырақ сақталып, көркейіп, ұрпақтан ұрпаққа оңай жеткізіліп келеді.

Ал енді осы бір-біріне қарама-қайшы факторлардың жиынтығымен тілге қарағанда таралуы мен сақталуы жеңілдірек болған діни сенімдер туындатқан діни плюрализм қиын, өзгертуге көне бермейтін, тамыры терең айырмашылыққа жетелейтін мәселелерді туындатуы мүмкін. Егер дін тек жеке, субъективті тәжірибені, құлшылықты талап ететін болса, ол әдетте қоғамдық өмірге қатты әсерін тигізбей, ассимиляцияға да оңай ұшырайды. Бірақ өзінің болмысы қоғамдық, адамдармен қарым-қатынасты талап ететін, реттейтін діндер жаңа ортаға үйренісу, кірігу барысында біз жоғарыда атап өткен саясилану үдерісіне тап болады. Мұндай діндер қатарына ислам, христиандық, яһудилік, индуизм, буддизм секілді үлкен діндер жатады. Бұлардың әрқайсысы қоғамдық санаға, өмірге, құрылысқа әсер ете алады. Десек те, қазіргі кезде әлем назары түрлі саяси бағыттардың арқасында ислам дінінің қоғамдық сипаттарына бағыттталып отыр.

Бірақ біз өз зерттеуімізде жалпы дін жіне тіл ұғымын қарастырып, олардың жекеленген өкілдерін тек мысал үшін, түсініктірек болу үшін алып отырмыз. Қазіргі кезеңде ұлттың негізгі белгісі, сипаты – оның тілі болып есептеледі. Белгілі бір тілде сөйлейтін азшылық мемлекет үшін жеке бір ұлт ретінде қарастырылып, олардың жағдайы, құқықтары назарға алынады. Бірақ мемлекет өзінің негізгі тілін әрдайым жоғары қояды, себебі лингвистикалық плюрализм елдің бірегейлігіне тікелей кері әсерін тигізеді. Дегенмен соңғы онжылдықтарда тілдік негіздегі қақтығыстар тіпті тарих сахнасы шықпады да.

Мұндай мәселелер тек мемлекеттің ішкі қиындықтары деңгейінде қалып отыр. Ал Батыс Еуропа, АҚШ, Австралия секілді иммигранттарға тартымды аймақтарда лингвистикалық плюрализмге толеранттылық танытылады. Себебі бұл мекендерде мәдениетті, қоғамды, ұлтты бірегейлікке, біртектілікке жұмылдыру қажет болмай қалған. Бұл үдерістің өзіндік себептері бар. Негізгісі, әрине, саяси басымдылық. Өзінің қуатына, өзгелерден артық екендігіне сенімді мемлекеттік жүйе азшылықтың шабуылынан қорқа қоймайды. Мұндай мемлекеттердегі азшылық пен иммигранттар да барынша сол елге ассимиляциялануға ұмтылғандықтан, тілдік қақтығыстар жиі кездесе бермейді. Ал саяси жүйесі әлі берік емес жас мемлекеттерде тіл мәселесі өзекті тақырыптардың бірі болып қалуда. Діни негіздегі қақтығыстар, түсініспеушіліктер әлем бойынша жиі көрініс беріп, үлкен даулардың себепкері болуда. Мұны дін мен тіл арасындағы қарапайым айырмашылықтар негізінде де түсіндіре аламыз. Тіл – қарым-қатынас құралы, билік құрылымы емес. Гердер, Гумбольдт, Уорф философиясына сай тіл мәдениет құраушысы, дүниетаным тасымалдаушысы бола алады. Бірақ дін – сол дүниетанымды қалыптастыратын құрал, мәдениетке қайнар болатын құбылыс, ережелердің жалпылама жүйесі. Бұл ережелер жеке адамға қатысты мәселелерді ғана емес, жыныс, отбасы, білім, әлеуметтік саясат, экономика, соғыс, ішкі мәселелерді реттей отырып, қоғамдық санаға, өмірге тікелей ықпал етеді (Casanova, 2009: 17-18). Ал бұл өз кезегінде мемлекеттің заңдары арқылы азаматтарының өмірін, қоғамдық құрылымды басқаруға деген ұмтылысына кедергі келтіруі мүмкін. Халық ішінде әртүрлі дін өкілдері де қоғамдық өмірге ықпалын жүргізуге тырысу барысында өзара қақтығыстарға түсіп, тыныштыққа, бірегейлікке қауіп төндіреді. Себебі бұл қақтығыстар тым терең, дүниетанымдық деңгейде бой көрсетеді. Сондықтан олар тым күрделі болып келеді. Оны мына мысалдардан көре аламыз: Мемлекет Еуропаның бірнеше елінде мұсылман ата-аналар талап етіп отырғандай мұсылман балаларды ұлдар мен қыздар бірге оқытылатын дене шынықтыру сабақтарынан босату керек пе (German Islam Conference, 2009: 20-22)? Ұстаздарға немесе оқушыларға бетті түмшалайтын діни киімді киюге рұқсат беруі керек пе? Діни бірлестіктер өкілдерінің ар-намысына, көңіліне тиетін іс-әрекеттер мен сөздерге тыйым салуы керек пе (Салман Рушди, даниялық суретші жағдайындағыдай)?

Сонымен тіл қоғамдық сананың ажырамас, шеткері қалмайтын айнымалысы, ал дін мұндай сипатқа ие емес, дінсіз қоғамдық сана қалыптасуы мүмкін. Мемлекет бір немесе бірнеше тілге басымдылық беріп, оларды қорғауы керек, бірақ міндетті түрде бір дінге басымдылық беруі керек деген талап жоқ. Тіл саясаттың негізгі құралы болған отаршылдық дәуірі өткеннен кейін заманауи саяси жүйелер негізгі құралы ретінде дінді пайдалануда. Көші-қон еркін жүзеге асып жатқан жаһандану дәуірінде лингвистикалық және діни плюрализм әдеттегі көрініске айналып, өзіндік мәселелерін туындатып отыр. Бұл тұрғыда да діни плюрализмнен туындаған мәселелердің әлдеқайда күрделі, өзекті екендігін атап өтуіміз керек. Қысқасы, дін мен тіл өте ұқсас, бірақ өте бөлек қоғамдық сана құрылымындағы парадоксқа толы негізгі айнымалылар деп қорыта аламыз.

Бұл зерттеудің басты мақсаты – дін мен тілдің қоғамдық сананы қалыптастырудағы өзара әрекеттесуін және олардың әлеуметтік, мәдени және тарихи аспектілерін тереңірек түсіну болды. Зерттеу барысында салыстырмалы талдау, әдебиетті жүйелі түрде талдау және бақылау сияқты әдістер қолданылды.

Зерттеу нәтижесінде дін мен тілдің қоғамдық сананың негізгі қалыптастырушы факторларының бірі екені анықталды. Олар адамдардың әлемге деген көзқарасын, құндылықтарын, мінез-құлқын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Дін мен тіл арқылы адамдар өздерін топпен, ұлтпен байланыстырады, өздерінің идентификациясын анықтайды. Дін мен тілдің өзара әрекеттесуі әлеуметтік құрылымдағы маңызды фактор болып табылады, олар қоғамның мәдени және психологиялық аспектілеріне әсер етеді. Нәтижелер дін мен тілдің қоғамдық санадағы маңыздылығын айқындап, олардың әлеуметтік интеграция мен мәдени алмасудағы рөлін көрсетеді.

Сонымен қатар, зерттеу көрсеткендей, дін мен тіл қоғамдық өзгерістердің бағытын анықтайтын маңызды факторлар болып табылады. Зерттеу нәтижесі ретінде мынадай тұжырымдар жасалды: «Дін мен тіл қоғамдық сананың негізі болып табылады. Олар адамдардың әлеуметтік өзара әрекеттесуінің негізгі құралы болып табылады. Дін мен тіл қоғамдық өзгерістердің қозғаушы күші бола алады. Әртүрлі тарихи кезеңдерде және әртүрлі мәдениеттерде дін мен тілдің қоғамдық санаға әсер ету механизмдері әртүрлі болуы мүмкін». Тұжырымдарымыз бо-

йынша, дін мен тілдің қоғамдық санадағы рөлі тек теориялық тұрғыдан ғана емес, практикалық тұрғыдан да маңызды. Зерттеу нәтижелері білім беру, әлеуметтік саясат және мәдениет салаларында дін мен тілдің рөлін ескеру қажеттілігін көрсетеді. Дамуды енгізу, қолдану перспективалары мен мүмкіндіктері ретінде, зерттеу нәтижелерін білім беру бағдарламаларына, әлеуметтік жобаларға және мәдени іс-шараларға интеграциялау ұсынылады. Бұл дін мен тілдің қоғамдық санадағы рөлін тереңірек түсінуге, қоғамдағы мәдени алмасуды нығайтуға және әлеуметтік интеграцияны арттыруға мүмкіндік береді. Бұл зерттеудің нәтижелері әртүрлі салаларда қолданылуы мүмкін:

Білім беру: Тіл мен мәдениетті оқытуда діннің рөлін ескеру арқылы оқу процесін тиімді етуге болады.

Саясат: Этникалық және діни қатынастарды реттеуде, сондай-ақ мемлекеттік саясатты қалыптастыруда зерттеу нәтижелерін пайдалануға болады.

Мәдениет: Мәдени саясатты әзірлеуде және мәдени мұраны сақтау мен дамытуда зерттеу нәтижелерін пайдалануға болады.

Социология және психология: Адамдардың мінез-құлқын, көзқарастарын және құндылықтарын зерттеуде зерттеу нәтижелерін қолдануға болады.

Қорытындылай келе, бұл зерттеу дін мен тілдің қоғамдық санадағы рөлі туралы білімдерді кеңейтуге және тереңдетуге ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері әртүрлі салаларда қолданылуы мүмкін және болашақ зерттеулер үшін негіз бола алады.

Әдебиеттер

- Alba, R. (2005). Bright vs. blurred boundaries: Second generation assimilation and exclusion in France, Germany, and the United States. *Ethnic and Racial Studies*, 28(1), 20–49.
- Alba, R., et al. (2002). Only English by the third generation? Loss and preservation of the mother tongue among the grandchildren of contemporary immigrants. *Demography*, 39(3), 467–484.
- Casanova, J. (2009). Religion, politics and gender equality: Public religions revisited. In *A debate on the public role of religion and its social and gender implications*. United Nations Research Institute for Social Development, Gender and Development Programme, 2–33.
- Duderija, A. (2007). Literature review: Identity construction in the context of being a minority immigrant religion: The case of Western-born Muslims. *Immigrants & Minorities*, 25(2), 141–162.
- Fishman, J. A. (1966). Language maintenance in a supra-ethnic age: Summary and conclusions. In J. A. Fishman et al. (Eds.), *Language loyalty in the United States*. – Hague: Mouton. – 392–411.
- German Islam Conference (2009). *Interim résumé by the Working Groups and the round table*. Paper for the 4th Plenary Session of the German Islam Conference. Retrieved from <http://www.deutsche-islamkonferenz.de>
- Hirschman, C. (2004). The role of religion in the origins and adaptations of immigrant groups in the United States. *International Migration Review*, 38(3), 1206–1233.
- Kohn, H. (1961). *The idea of nationalism*. – New York: Macmillan. – 735.
- Sawyer, J. F. A., & Simpson, J. M. Y. (Eds.). (2001). *Concise encyclopedia of language and religion*. – Amsterdam: Elsevier. – 612.
- Spolsky, B. (2006). Introduction. Part II. In T. Omoniyi & J. A. Fishman (Eds.), *Explorations in the sociology of language and religion*. – Amsterdam: John Benjamins. – 4–9.
- Torpey, J. (2010). A (post-) secular age? *Social Research*, 77(1), 269–296. <https://doi.org/10.2307/40972251>
- Zolberg, A. R., & Woon, L. L. (1999). Why Islam is like Spanish: Cultural incorporation in Europe and the United States. *Politics and Society*, 27(1), 5–38.
- Белла, Р. Н. (1972). Социология религии. *Американская социология: Перспективы, проблемы, методы*. – Москва: Прогресс. – 265–281.
- Гумбольдт, В. (1984). О различии строения человеческих языков и его влиянии на духовное развитие человечества. *Избранные труды по языкознанию*. – Москва: Прогресс. – 397.
- Гуревич, П. С. (1993). Роптания души и мистический опыт (Феноменология религии У. Джеймса). У. Джеймс, *Многообразие религиозного опыта*. – Москва: Наука. – 411–424.
- Джеймс, У. (1993). *Многообразие религиозного опыта*. – Москва: Наука. – 431.
- Мечковская, Н. Б. (1996). *Социальная лингвистика*. – Москва: Аспект-Пресс. – 207.
- Померанц, Г. С. (1965). Кришнамурти и проблема религиозного нигилизма. *Идеологические течения современной Индии*. – Москва: Наука. – 139–160.
- Потебня, А. А. (1976). *Эстетика и поэтика*. – Москва: Искусство. – 613.
- Слобин, Д., & Грин, Дж. (1976). *Психолингвистика*. – Москва: Прогресс. – 242.
- Соссюр, Ф. де. (1977). *Труды по языкознанию*. – Москва: Прогресс. – 695.

References

- Alba, R. (2005). Bright vs. blurred boundaries: Second generation assimilation and exclusion in France, Germany, and the United States. *Ethnic and Racial Studies*, 28(1), 20–49.
- Alba, R., et al. (2002). Only English by the third generation? Loss and preservation of the mother tongue among the grandchildren of contemporary immigrants. *Demography*, 39(3), 467–484.
- Bella, R. N. (1972). Sociologija religii. *Amerikanskaja sociologija: Perspektivy, problemy, metody* [Sociology of religion. American sociology: perspectives, problems, methods]. – Moscow: Progress. – 265-281. (in Russian)
- Casanova, J. (2009). Religion, politics and gender equality: Public religions revisited. In *A debate on the public role of religion and its social and gender implications*. United Nations Research Institute for Social Development, Gender and Development Programme, 2-33.
- Duderija, A. (2007). Literature review: Identity construction in the context of being a minority immigrant religion: The case of Western-born Muslims. *Immigrants & Minorities*, 25(2), 141–162.
- Dzhejms, U. (1993). *Mnogoobrazie religioznogo opyta* [Diversity of religious experience]. – Moscow: Nauka. – 431. (in Russian)
- Fishman, J. A. (1966). Language maintenance in a supra-ethnic age: Summary and conclusions. In J. A. Fishman et al. (Eds.), *Language loyalty in the United States*. – Hague: Mouton. – 392-411.
- German Islam Conference (2009). *Interim résumé by the Working Groups and the round table*. Paper for the 4th Plenary Session of the German Islam Conference. Retrieved from <http://www.deutsche-islamkonferenz.de>
- Gumbol'dt, V. (1984). O razlichii stroenija chelovecheskih jazykov i ego vlijanii na duhovnoe razvitie chelovechestva. *Izbrannye trudy po jazykoznaniyu* [Differences in construction of human languages and its effect on spiritual development of humanity. Selected works on linguistics]. – Moscow: Progress. – 397. (in Russian)
- Gurevich, P. S. (1993). Roptanija dushi i misticheskiy opyt (Fenomenologija religii U. Dzhejmsa). U. Dzhejms, *Mnogoobrazie religioznogo opyta* [Murmurs of the soul and mystical experience (Phenomenology of religion by W. James). Diversity of religious experience]. – Moscow: Nauka. – 411-424. (in Russian)
- Hirschman, C. (2004). The role of religion in the origins and adaptations of immigrant groups in the United States. *International Migration Review*, 38(3), 1206–1233.
- Kohn, H. (1961). *The idea of nationalism*. – New York: Macmillan. – 735.
- Mechkovskaja, N. B. (1996). *Social'naja lingvistika* [Social linguistics]. – Moscow: Aspekt-Press. – 207. (in Russian)
- Pomeranc, G. S. (1965). Krishnamurti i problema religioznogo nigilizma. *Ideologicheskie techenija sovremennoj Indii* [Krishnamurti and the problem of religious nihilism. Ideological trends of contemporary India]. – Moscow: Nauka. – 139-160. (in Russian)
- Potebnja, A. A. (1976). *Jestetika i pojetika* [Aesthetics and poetics]. – Moscow: Iskusstvo. – 613. (in Russian)
- Sawyer, J. F. A., & Simpson, J. M. Y. (Eds.). (2001). *Concise encyclopedia of language and religion*. – Amsterdam: Elsevier. – 612.
- Slobin, D., & Grin, Dzh. (1976). *Psiholingvistika* [Psycholinguistics]. – Moscow: Progress. – 242. (in Russian)
- Sossjur, F. de. (1977). *Trudy po jazykoznaniyu* [Works on language studies]. – Moscow: Progress. – 695. (in Russian)
- Spolsky, B. (2006). Introduction. Part II. In T. Omoniyi & J. A. Fishman (Eds.), *Explorations in the sociology of language and religion*. – Amsterdam: John Benjamins. – 4-9.
- Torpey, J. (2010). A (post-) secular age? *Social Research*, 77(1), 269–296. <https://doi:10.2307/40972251>
- Zolberg, A. R., & Woon, L. L. (1999). Why Islam is like Spanish: Cultural incorporation in Europe and the United States. *Politics and Society*, 27(1), 5–38.

Information about the authors:

Abubakirova Aрайлым Есімханқызы – PhD student at the Department of Religious Studies of the Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: a.abubakirova.work@gmail.com).

Duissenbaeva Albina Kurakhbaevna (corresponding author) – Acting Associate Professor, Department of Religious Studies, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: albina87.03@yandex.kz).

Dilbarkhanova Dana Adephanovna – Master, Senior lecturer at the Department of Morphology and Pharmacology of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Shymkent, Kazakhstan, e-mail: d.dilbarkhanova@gmail.com).

Авторлар туралы мәлімет:

Әбубәкірова Арайлым Есімханқызы – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті Дінтану кафедрасының PhD докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: a.abubakirova.work@gmail.com).

Дүйсенбаева Альбина Құрақбайқызы (корреспондент-автор) – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті Дінтану кафедрасының қауымдастырылған профессоры міндетін атқарушы (Алматы, Қазақстан, e-mail: albina87.03@yandex.kz).

Дильбарханова Дана Адепхановна – магистр, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Морфология және фармакология кафедрасының аға оқытушысы (Шымкент, Қазақстан, e-mail: d.dilbarkhanova@gmail.com).

Информация об авторах:

Абубакирова Арайлым Есимханкызы – PhD докторант кафедры религиоведения Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: a.abubakirova.work@gmail.com);

Дуйсенбаева Альбина Курахбайкызы (автор-корреспондент) – и. о. доцента кафедры религиоведения Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: albina87.03@yandex.kz);

Дильбарханова Дана Адепханкызы – магистр, старший преподаватель кафедры морфологии и фармакологии Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмета Ясави (Шымкент, Казахстан, e-mail: d.dilbarkhanova@gmail.com).

13 қараша 2024 жылы тіркелді
20 қыркүйек 2025 жылы қабылданды